

# ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

**«БЕКІТЕМІН»**

Шерхан Мұртаза атындағы  
Халықаралық Тараз  
инновациялық институтының  
президенті, т.ғ.д.

И. Муслимов  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2024 ж.



## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ

Тараз 2024 ж.

## 1. Жалпы жағдайлар

1.1. Осы Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының (бұдан әрі - Институт) ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі - Стандарт) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасына және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалық актілеріне сәйкес әзірленген.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандартын Институттың Комплаенс-қызметі әзірледі.

1.3. Стандарт сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу үшін институт қызметкерлеріне пайдалануына ұсынылады.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стандартының негізгі қағидаттары төмендегідей:

1) адалдық – білім алушылардың оқу жұмысының бағаланатын және бағаланбайтын түрлерін адал және әдепті орындау;

2) автордың және оның мирасқорларының құқықтарын қорғауын жүзеге асыру – бөгде сөзді, ойды дұрыс тарату және бағаланатын жұмыстардағы ақпараттың дереккөздерін көрсету арқылы авторлықты растау және авторлық құқықтың объектісі болып табылатын шығармаларды қорғау;

3) ашықтық – айқындық, өзара сенім білдіру, білім алышулар мен оқытушылар арасында ақпаратпен және идеялармен ашық бөлісу;

4) білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу – пікірлер мен идеялардың еркін айтылу құқығы;

5) теңдік – әрбір білім алушы академиялық адалдық қағидаларын ұстануды және оларды бұзу үшін тең жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

1.5. Осы Стандартта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) плагиат – басқаның еңбегінің, академиялық, ғылыми, зерттеу, публицистикалық және талдау қызметінің нәтижелерін қасақана немесе абайсызда, толық немесе ішінара заңсыз пайдалану, иемдену немесе қорғалатын нәтижелерімен иелік ету;

2) көшіру – білім алушының немесе қызметкердің өзгенің зияткерлік өнімін көшіруді білдіретін теріс пиғылды мінез-құлқы;

3) қайталау – егер білім алушы оның авторы болып табылса да, ПОҚ-ның алдын ала рұқсатынсыз басқа курста бұрын бағаланған кез келген жұмысты өзінің жеке, ішінара немесе толық жұмысы ретінде ұсыну әрекетін қоса алғанда, әртүрлі бағалау және талаптар шеңберіндегі бір жұмысты таныстыру;

4) бұрмалау – академиялық жазбаларды немесе басқа да құжаттарды; деректерді (ғылыми эксперимент кезіндегі бақылауларды, жазбаларды, сауалнама нәтижелерін қолдан жасауды); академиялық жұмыстағы қолдарды; академиялық жұмысты әдейі қолдан жасау немесе бүлдіру;

5) жасыру – академиялық өнімде жалған мәліметтер беру; зерттеулер мен эксперименттердің деректері мен нәтижелерін ауыстыру; зерттеу барысында алынған жалған ақпарат беру;

6) сөз байласу – басқа білім алушы үшін тексеруге және бағалауға жататын кез келген академиялық жұмысты орындау

7) парасаттылық - бұл білім беру процесіне қатысушылардың және білім беру мекемелерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен көріністерін болдырмайтын, кәсіптік ортаны қалыптастыратын және нығайтатын, оларға осындай мінез-құлықты ұстануға мүмкіндік беретін құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес әрекет етуге тұрақты міндеттемесі.

1.6. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қолдану және орындау:

1) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және институттың жарғысында көзделген функцияларын іске асыру кезінде қолданылады;

2) институттың барлық қызметкерлері орындауға міндетті;

3) Стандартты орындау кезіндегі іс-қимылдарға әр қызметкер жеке жауап береді.

1.7. Осы Стандарт институт қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған әрекеттер мен шешімдерді мүлтіксіз сақтауды айқындайды.

1.8. Осы Стандарт қағидаттарына негізделе отырып, институт қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылын азаматтық-құқықтық қатынастар шеңберіндегі орындайды.

## **2. Институт профессор-оқытушылары мен қызметкерлерінің мінез-құлық ережелері**

2.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының талаптарын, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық актілерін, институттың ішкі нормативтік құжаттарын сақтау;

2.2. Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі, ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа тілдерге, салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау;

2.3. адал, әділ болу, әріптестермен, серіктестермен, білім алушылармен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;

2.4. кемшіліктерді жою және өз қызметін жақсарту;

2.5. қызметтік жағдайды жеке сипаттағы мәселелерді шешу үшін пайдаланбау және институттың басқа қызметкерлері мен құрылымдық бөлімшелерінің қызметіне теріс әсер етпеу;

2.6. шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

2.7. заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;

2.8. институттың меншігін қызметтік мақсатта ұтымды, тиімді пайдалану және мүліктің сақталуын қамтамасыз ету.

### **3. Институт қызметкерлері өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау**

3.1. тікелей немесе тікелей басшыға мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына көндіру және сыйлықтар алу туралы баяндау;

3.2. әріптестеріне, басшыларына және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлықтар бермеу;

3.3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту;

3.4. өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы басшылыққа жазбаша түрде дереу баяндау;

3.5. институттың іскерлік беделін көтеру, жоғары оқу орнының құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетін қызметке қатысудан бас тарту, институттың ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтау;

3.6. белгіленген қарым-қатынас тәртібі мен талаптарды бұзатын заңсыз өтініштермен әріптестер мен басшыларға жүгінуден бас тарту және олардың бейтарап қызметтік шешім қабылдауына әсер ету;

3.7. меритократия қағидаттарына сәйкес қызметкерлердің қызметтік сатысы бойынша ілгерілеуін қамтамасыз ету;

3.8. Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген іс-әрекеттерді жасауға жол бермеу;

3.9. әрбір қызметкер қызметтік міндеттерін орындаған кезде іскерлік этикет пен ресми мінез-құлық ережелерін сақтауға, университеттің жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді мүлтіксіз орындауға міндетті;

3.10. жақын туыстық қатынастардағы қызметкер тікелей бағыныстылығымен немесе бақылауымен лауазымға орналаспау;

3.11. табыс алуға байланысты кәсіпкерлік және өзге де қызметті жүзеге асыруда біреуге жәрдем көрсетуден бас тарту;

3.12. үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден және лоббизм жасаудан, сол сияқты олардың атынан әрекет жасаудан бас тарту;

3.13. қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін қарамағындағылар мен студенттерді тартуға жол бермеу;

3.14. әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету.

#### **4. Білім беру қызметтерін көрсету кезінде институт профессор-оқытушыларына ұсынымдар**

4.1. білім беру қызметтерін көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау;

4.2. білім алушыларға қатысты өзінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланбау, білім алушыларға біржақты қарауға жол бермеу;

4.3. әріптестер мен білім алушылардың қадір-қасиетін кемсітпеу, балағат сөздерді қолданбау;

4.4. университет басшылығының шешімдері және оның бөлімшелерінің қызметі туралы дұрыс емес ақпарат таратпау;

4.5. білім алушылардан сыйлықтар немесе ақшалай сыйақылар қабылдамау;

4.6. өз іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізделген сынға себеп бермеу, оған төзімділік таныту, кемшіліктерді жою және кәсіби қызметін жақсарту үшін жұмыс жасау;

4.7. қызметтік өкілеттіктерін орындау кезінде жоғары мәдениетті, жауапкершілікті, адалдықты, академиялық адалдықты және объективтілікті көрсету.

#### **5. Стандарт қағидаттары**

##### **5.1. Ақпараттық ашықтық қағидаты**

- ақпараттық ашықтық қағидаты (ақпараттың шынайылығы, уақытылы жариялануы);

- ресми интернет-сайтта ақпаратты ашу;

- ашық деректер режимін пайдалану (деректерді одан әрі автоматты өңдеу үшін жарамды оқылатын түрде жариялау);

- азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың өтініштерін өңдеу;

- бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл; ақпараттық агенттіктер мен БАҚ көмегімен ақпаратты ашу;

- барлық мүшелерді ақпараттандыру (оқытушылар, қызметкерлер, білім алушылар): жаңалықтарды, әлеуметтік маңызы бар ақпаратты, фото - және бейне есептерді жариялау;

- баспасөз конференциясы, көпшілік алдында сөз сөйлеу және мүдделі тұлғалармен жеке кездесулерді хабардар ету.

##### **5.2. Қол жетімділік және түсініктік қағидаты**

- жоспарлар, шешімдер, бағдарламалар, қабылдау үшін қарапайым және қолжетімді формада ұсыну;

- институт қызметінің мақсаттарын, міндеттерін, жоспарларын және нәтижелерін стейкхолдерлерге түсінікті жеткізу;

- институт бойынша қабылданған бағдарламаларды, саясаттарды және оларды іске асыру туралы ақпаратты кеңінен электрондық түрде жариялау;

- түсіндірмелерді дайындау кезінде іс жүзінде маңызды ережелерді (бастамаларды, құжаттарды) инфографика, презентациялық материалдар, бейне және аудио жазбалар пайдалану;

- коммуникациялардың түрлі арналарын теледидар, радио, баспасөз, сыртқы жарнама, әлеуметтік желілер қолдану;

- қоғамда азаматтық белсенділікті (студенттік белсенділікті) дамыту үшін түрлі нысандар арқылы, оның ішінде еріктілер мен қайырымдылық сияқты нысандар арқылы қолайлы жағдай жасау;

- азаматтық қоғам институттарының жұмысы арқылы құқықтық сананы қалыптастыру;

- үкіметтік емес ұйымдарды қоғамдық қорғаушы институтын құруға бағытталған жобаларды әзірлеуге тарту;

- жастардың хабардар болуы мен білімділігінің жоғары деңгейіне қол жеткізу жөніндегі бірлескен ақпараттық және ағартушылық науқандарды іске асыру;

- қақтығыстарды шешу тетіктерін, келіссөздер және медиация орталықтары арқылы дауларды сотқа дейін реттеу практикасын белсенді енгізу;

- гендерлік теңдікті дамыту және нығайту, қоғамдық санада әйелдер мен ерлер құқықтарының қатынастарындағы теріс стереотиптерді еңсеруге жәрдемдесу

#### 5.3. Есептілік қағидаты

- қоғамдық бақылау тетіктерін дамыту;

- институтта басқару бойынша шешім қабылдау процесінде ашықтықты арттыру үшін басқарудың алқалық органдары (Ғылыми кеңес және т.б.) құрамына студенттік қоғамдастықтың қатысуын қамтамасыз ету;

- студенттік қоғамдастықтың өзін-өзі басқару институты арқылы бақылау тетіктерін күшейту;

- қызметі туралы бірінші басшының есебін жыл сайын тыңдау;

- институтта басқаруды міндетті түрде әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсіпқойлыққа және құзыреттілікке құру;

- білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының құқықтары мен мүдделерін қорғау.

#### 5.4. Академиялық парасаттылық (адалдық) қағидаты

- академиялық адалдықтың нақты, әділ және объективті стандарттарын, дәйексөз және мінез-құлық ережелерін сақтау;

- білім алушының академиялық адалдық қағидалары мен стандарттарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту;

- оқыту нәтижелерін әділ және объективті бағалау жүйесі шеңберінде білім алушыларға жоғары талаптар қою;

- академиялық адалдықтың принциптері мен стандарттарын, өзара сыйластық пен әділдікті үйрететін оқытушы ретіндегі жоғары жауапкершілікті қамтамасыз ету;

- академиялық адалдық принциптерін сақтау бойынша әрбір білім алушылар мен білім беру бөлімінің қызметкерлердің жүктелген міндеттерді адал орындау;

- жалпы сипаттағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингі және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды жүзеге асыру.

## **6. Институтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар**

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру – бұл институттың барлық қызметкерлерінің жосықсыздықтың кез келген көріністеріне қарсы тұру қажеттілігіне деген сенімін нығайту жөніндегі іс-шаралар кешені. Институттың сыбайлас жемқорлық қызметі жалпы білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады, оларға мыналар жатады:

6.1. институт қызметінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді технологиялар мен тетіктерді енгізу;

6.2. институтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылықты және сыбайлас жемқорлықтың қауіптілігі туралы мақсатты жұмыс жүргізу;

6.3. білім алушылар мен қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесіне тарту;

6.4. білім алушылар арасында патриотизмге тәрбиелеу және белсенді азаматтық ұстаным бойынша тиімді бағдарламаларды енгізу;

6.5. Институтта жүргізілетін барлық әлеуметтік сауалнамалары арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мониторинг жүргізу;

6.6. қызметкерлер мен білім алушылардың институттың интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы құқықтық ақпаратқа кең қолжетімділігін қамтамасыз ету.

## **7. Жатақханалардағы орындарды бөлу**

7.1. білім алушы институттың ақпараттық жүйесі арқылы өтінім қабылдау және өтінімдерді объективті қарау;

7.2. жатақханаға орналастыру процесінің ашықтығы мен объективтілігін қамтамасыз ету;

7.3. білім алушы критерийлеріне сәйкес кезекпен (мүгедек балалар, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, мүгедек ата – аналары бар балалар, ұлттық бірыңғай тестілеуде 120-дан астам балл жинаған студенттер, "Алтын белгі" және "Үздік аттестат" белгілерінің иегерлері, 4 немесе одан да көп кәметке толмаған немесе оқитын көп балалы отбасылардың балалары, бір ата-анасы бар отбасылардың балалары) орналастыру;

7.4 жатақханада ішкі тәртіп ережелерін бұзуын қадағалау және жүйеде білім алушылардың барлық бұзушылықтары тіркеу.

## **8. Институт басшыларының, проректорларының және қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен алдын**

**алуға бағытталған жұмысты ұйымдастыру жөніндегі дербес  
жауапкершілігі**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық ұйымдар мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен алдын алуға бағытталған шаралардың тиімділігі көбінесе институт басшысы мен қызметкерлерінің іс-әрекеттің нақты ұстанымымен, қызметтің жүйелілігімен және үздіксіздігімен сипатталуы тиіс.